

**№41 мектеп-гимназиясында ата-аналар арасынан
«Алтын ұя» қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары жөнінде
2021 жылдың 1 қазан күні жиналыс болып өтті**

Хаттама № 2

Атырау қаласы

№ 41 мектеп-гимназиясы

Қатысқандар: Мектеп басшысы Қ.Азиев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Косалиева, әлеуметтік педагог А.Жумағалиева және қамқоршылық кеңес мүшелері

Қаралатын мәселе:

1. «Алтын ұя» қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын жасақтау, ұйымдастыру шаралары

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Баженов Арман Сырымұлы жиналыстың алғы сөзін алды:

-Сәлеметсіздер ме ұстаздар, ата-аналар. Бүгін біздер өткен айда өткен «Алтын ұя» қамқоршылық кеңесінің құрамын сайладық. Бүгін міне екінші отырысымыз. Енді осы кеңес құжаттарын жасақтап, жұмыс жоспарымызды құруымыз қажет. Алға мақсат қойып, балаларымызға жан-жақты қолдау көрсетуіміз керек. Қазіргі таңда мектепте 500-ге жуық оқушы оқып жатыр. Балаларымыздың болашағын қазірден бастап ойлауымыз қажет. Оларға біздің қолдауымыз өте маңызды. Сол себепті бүгінгі жиында жыл ішінде қандай шаралар өткізуге болады? Өз ұсыныстарыңызды айтсаңыздар.

Зинуров Адилбек- кеңес мүшесі, ата-ана:

-Мектепте оқушыларға қажетті, қазіргі таңдағы ІТ үйірмесі және ағылшын тілі үйірмелері ашылса деген ұсынысым бар. Қазіргі таңдағы аса маңызды және балалар болашағына қажет. Осы үйірмелерге мектепке арнайы мамандар шақыртсақ.

Жексенова Марал - кеңес мүшесі, ата-ана:

- Оқушыларды сабақ оқуға ынталандыру үшін арнайы жоба қажет деп ойлаймын. Жыл соңында оқушылардың арасынан «Үздік оқушы» номинациясын бірнеше оқушыларға берілсе, оларға жақсы сыйлықтар ұсынсақ, бааларда оқуға деген құштарлық болады деп есептеймін.

Сисенов Нұрлан Изтурганович - кеңес мүшесі, ата-ана:

Жалпы айтылып отырған мәселелер өте орынды деп есептеймін. Сонымен қатар мектепте оқушыларымыз қызығарлықтай, үзіліс кезінде отырып демалатын демалыс орнын жасасақ, балаларымыз сол жерде отырып кітап оқып немесе сол жерден өзіне қажетті ақпараттар алатындай орын болса деген ұсынысым бар.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Баженов Арман Сырымұлы:

-Құрметті кеңес мүшелері сіздердің осы айтылған ұсыныстарыңызды бір ауыздан қабылдап, жылдық жұмыс жоспарымызға енгіземіз. Алдағы уақытта да осындай жақсы жобалар болса ұсыныстарыңызды айтып, мектеп жанында оқитын балаларымызға көбірек қолдау қажет деп есептеймін.

Қаулы етеді:

1. Мектептің ««Алтын ұя» қамқоршылық кеңесі» қоғамдық бірлестігінің жылдық атқарылатын жұмысын жандандыру кеңес төрағасы Баженов Арман Сырымұлына міндеттелсін.
2. ««Алтын ұя» қамқоршылық кеңесі» қоғамдық бірлестігінің жұмысын жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Косалиеваға міндеттелсін.

**«Алтын ұя» қамқоршылық
кеңесінің төрағасы**

Жиналыс хатшысы



А. Баженов

А.Косалиева